

ПАВЛОДАР ҚАЛАСЫНЫҢ
ӘКІМДІГІ

«ПАВЛОДАР ҚАЛАСЫ
БІЛІМ БЕРУ БӨЛІМІ» ММ
140000, Павлодар қаласы
Кривенко көшесі, 25
тел./факс.: 32-21-67



АКИМАТ ГОРОДА
ПАВЛОДАРА

ГУ «ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ
ГОРОДА ПАВЛОДАРА»
140000, город Павлодар
ул. Кривенко, 25
тел./факс.: 32-21-67

БҮЙРЫҚ
2014 ж. **31** наурыз
№ 388

ПРИКАЗ
№ 388
«31» март 2014 г.

**Даңқ ескерткішінде
салтанатты қарауылға тұру
және Ұлы Жеңістің
69-жылдығына арналған шеруге қатысу туралы**

Ұлы Жеңістің 69- жылдығына арналған шараларға байланысты және мектеп оқушыларының бойында отансүйгіштік , патриоттық сезімдер ояту және қайсарлық пен ерлік сипатындағы асыл қасиеттерді қалыптастыру , алдынғы буын ағаларды жастарға үлгі-өнеге ретінде көрсету мақсатында **БҰЙЫРАМЫН**:

1. 2014 жылғы 30 сәуір – 9 мамыр аралығында Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің құрметіне Жеңіс алаңындағы № 1 бекетке:

а) №№ 7,11,16,28,35 жалпы орта білім беру мектептерінің 10 сыныбындағы ер балалар арасынан ескерткішті күзету үшін салтанатты қараул жасақталсын .

ә) Оперативтік қараул бастығының міндетін атқару № 11 ОМ АӘД пәнінің ұйымдастырушысы-оқытушысы С.К. Байсугуровқа жүктелсін.

б) № 7 жалпы орта білім беру мектебінің қараул бөлмесі салтанатты қараулға тұратын оқушылар үшін жабдықталсын .

в) Салтанатты қараул әскери үлгідегі киім – кешекпен жабдықталып , «ММГ» оқу автоматымен қарулансын .

г) Салтанатты қараулдың кезекшілік уақыты сағат 10.00ден-18.00. дейін , қараул ауысымы әрбір 20 минут сайын жүргізілсін .

2. 2014 жылғы 30 сәуір – 9 мамыр аралығында Қ.Қамзин көшесі бойындағы Совет Одағының батыры Қанаш Қамзиннің ескерткіші жанындағы № 2 бекетке:

а) №№ 4,14,19,36 жалпы орта білім беру мектептерінің 10 сыныбындағы ер балалар арасынан ескерткішті күзету үшін салтанатты қараул жасақталсын .

ә) Оперативтік қараул бастығының міндетін атқару № 19 ОМ АӘД пәнінің ұйымдастырушысы-оқытушысы А.С. Сыздыковқа жүктелсін.

б) № 36 жалпы орта білім беру мектебінің қараул бөлмесі салтанатты қараулға тұратын оқушылар үшін жабдықталсын .

- в) Салтанатты қараул әскери үлгідегі киім – кешекпен жабдықталып , «ММГ» оқу автоматымен қарулансын .
- г) Салтанатты қараулдың кезекшілік уақыты сағат 10.00ден-18.00. дейін , қараул ауысымы әрбір 20 минут сайын жүргізілсін .
3. Салтанатты қарауыл құрамына кіретін оқушылар мен жауапты тұлғалар сабактардан босатылсын.
- 4.2014 жылғы 9 сәуір – 9 мамыр аралығында Ұлы Жеңістің 69-жылдығына арналған салтанатты шеруге қатысу үшін орталық жағажайда 10сынып ер балаларымен сағат 16.00. дан-18.30.-ға дейін саптық дайындық өткізілсін .
- а)Мектеп басшылары оқушылардың өмірі мен денсаулығының сақтауына жауапты тұлғыларды тағайындастын.
- ә) Оқушылармен жол ережесін және техникалық қауіпсіздік ережелерін сақтау үшін нұсқаулық сабактар әр күні өткізіліп отырсын .
- б) Салтанатты шеруге қатысатын оқушылардың тізімі жасалып , олар бұйрық бойынша мектептегі іс-шаралардан босатылсын және тізімдер білім беру бөліміне тапсырылсын .
- в) Салтанатты шеруге қатысатын оқушылар әскери үлгідегі киім-кешекпен жабдықталсын .
5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау қалалық білім беру бөлімнің әдіскеrei Н.Ж. Тасыбаевқа жүктелсін.

Павлодар қаласы

білім беру бөлімнің басшысы



З. Мұқашева